





Сейілов Мұқыш

1910 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Қайыңды ауылдық кеңесіне қарасты Сарыторғай жерінде дүниеге келген. 1942 жылы ақпан айында Торғай АӘК –нан әскерге шақырылып, соғыста 484-артиллериалық полкта бөлімше командирі болған. Әскери атағы - аға сержант. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Отан соғысы» орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін Сарыторғай совхозында шопан болып, еңбектегі табыстары үшін «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған. 1996 жылы қайтыс болған.